

Кейс-стади

Назарбаев Зияткерлік мектебі (Физика-математика бағыты), Астана

Астанадағы Назарбаев Зияткерлік мектебі (ФМН) — академиялық талабы жоғары, STEM (ғылым, технология, инженерия, математика) бағытындағы пәндерге басымдық беретін таңдаулы білім ордасы. Бұл мектеп заманауи педагогикалық әдістерді енгізуге ашық, ұстаздар өз тәжірибелерін зерттеп, халықаралық конференцияларда (мысалы, өткен оқу жылында ECER-де 33, WALIS-та 24 баяндама) белсенді түрде ұсынады. Мұндай зерттеушілік мәдениетті мектеп әкімшілігі де жүйелі түрде қолдап отырады: аптасына 4 сағат кәсіби даму уақыты бөлінген, мұғалімдер Action Research және Lesson Study жобаларына қатысады. Соңғы жылдары мектеп жұмысының басым бағыттары ретінде жаңа технологияларды (соның ішінде жасанды интеллект құралдарын) кіріктіру, кәсіби білім беру қауымдастықтарын (PLC) зерттеулер арқылы нығайту және оқытуды даралау сапасын арттыру таңдалған. Бұл кейс-стади осындай жағдайда жүзеге асқан Action Research жобасының оқыту мен білім сапасына әсерін зерделейді.

Зерттеу фокусы

Мектепшілік бақылау сабақтары, кері байланыс сауалнамалары мен сыртқы аудит нәтижелері көрсеткендей, оқытуды даралау — мектеп деңгейінде жүйелі мәселе. Көп сабақтар орташа деңгейдегі оқушыларға бағытталған, ал жеке қажеттіліктер үнемі ескерілмейді.

Сонымен қатар, оқу жетістіктерін талдау барысында 8-сынып оқушыларының көрсеткіштері мектеп бойынша ең төмен нәтиже көрсеткені анықталды. Бұл параллельде ішкі бағалау нәтижесі бойынша нашар баға алғандар үлесі жоғары. Оның ішінде, 8_1 және 8_2 сыныптарында академиялық қиындықтар бір жылдан аса тұрақты байқалып келеді. Осы себепті зерттеу дәл осы екі сыныпқа, олардың үлгерімі мен оқыту сапасын арттыру жолдарын қарастыруға бағытталды.

Мәселенің ауқымы — даралау

Ішкі бақылаулар мен аккредитациялық есептер мектепке оқытуды даралау механизмдерін жақсарту қажет екенін көрсеткен. Мұғалімдердің өзі де түрлі оқушы қажеттіліктеріне жауап берудің қиындығын мойындаған. 8-сынып оқушыларының 30%-ы сауалнамада мұғалімдер олардың қызығушылығы мен білім алуудағы жеке мұқтаждықтарын біле бермейтінін айтқан.

Неліктен дәл 8-сыныптар?

Токсандық қорытынды бағалар 8-сыныптарда басқа параллельдерге қарағанда әлдеқайда төмен болды. Әсіресе 8_1 және 8_2 сыныптарының үлгерімі тұрақты түрде нашар. Сол себепті дәл осы екі сынып зерттеу объектісі ретінде таңдалды.

1-кезең: Жаппай сауалнама және оның шектеулері

Зерттеу тобы барлық 8-сынып оқушылары арасында сауалнама жүргізді. Ол сабақ қарқыны, түсіндіру анықтығы, қызығушылық деңгейі, мұғалім қолдауы сияқты аспектілерді қамтыды. Нәтиже біркелкі болды: барлық сыныптар оқытуда тапсырмалар

әртүрлі емес, күрделі жұмыс жетіспейді, әлсіз оқушыларға қолдау аз дейді. Яғни, “даралау жоқ”.

Бірақ бір сұрақ жауапсыз қалды: неге барлық сынып бірдей жағдай туралы айтса да, тек екі сынып нашар үлгеріп жүр? Мысалы, “уақыт тиімді қолданылады” дегенге бәрі келіседі. Алайда бағалар айырмашылығы үлкен.

Бұл жалпы сауалнама жүйелік кемшіліктерді көрсетсе де, нақты сыныптар арасындағы айырмашылықтың себебін ашпады.

2-кезең: Екі сыныпқа (8_1 және 8_2) терең үңілу

Зерттеу тобы 8_1 және 8_2 сыныптарын салыстырмалы зерттеуге алды. Екеуі де оқу жылын ұқсас деңгейден бастады. Бірақ жарты жыл өткен соң 8_1 сыныбы алға жылжыды, ал 8_2 — жоқ.

Сол себепті зерттеушілер 8_1 оқушыларымен терең сұхбат жүргізді. Нәтижесінде мынандай тенденциялар анықталды:

- Көп оқушы оқу мәнін түсінуге ден қоя бастаған. Тек тапсырма орындау емес, себеп-салдарды түсінуге тырысады.
- Сұрақ қоюдан ұялмайды, түсінбесе, көмек сұрайды.
- Өзара көмек күшейген: бірге талқылау, жауаптарды салыстыру қалыпты үрдіске айналған.
- Кішкентай табыстар сенімділікті арттырған. “Мен қолымнан келетініне көзім жетті, оқығым келе бастады”, — дейді бір оқушы.

Бұл өзгеріс арнайы бағдарлама емес, сынып ішіндегі атмосфера мен ұстаз әрекеттеріне байланысты туындаған.

3-кезең: 8_2 сыныбындағы сабаққа тартылуды зерттеу

Сыныптағы үлгермеушілік нақты немен байланысты екенін анықтау үшін бейнеанализ жүргізілді. 8_2 сыныбында өткен сабақтар жазылып, оқушылармен бірге қаралды. Бейне үзінділер тоқтатылып, олардан “Осы сәтте сен қызығып отырсың ба?” деп сұралды.

Мұғалімдер мен оқушылар «қатысу» ұғымын әртүрлі түсінетіні белгілі болды. Оқушылар үшін бұл – ойын, күлкі, жарыс. Ал мұғалім үшін – зейін, ойлану, есеп шығару. Сабақ барысында кей оқушылар тыңдап, ойланып отырса да, өздері оны “қатысу” деп есептемеген.

Бұл зерттеу 8_2 оқушыларының сабаққа деген қатынасы беткі деңгейде екенін көрсетті. Олар ой еңбегін «қызықсыз» деп қабылдап, тек сыртқы стимулдармен (ойын, жарыс) ғана белсенді болатын. Сондықтан келесі кезең – бұл түсінікті өзгерту болды.

4-кезең: Рефлексия мен метатану дағдыларын дамыту

Мұғалімдер 8_2 сыныбына арнайы араласу жүргізді. Сабаққа шағын рефлексия элементтері енгізілді: “не түсіндім?”, “неден қиналдым?” деген сұрақтармен жұмыс, жұптық талдау, сабақ соңында ой бөлісу.

Алғашында оқушылар формалды жауап берді. Бірақ уақыт өте келе кейбіреулері нақты түсінбеушілігін атай бастады. Бұл білім туралы ойлана бастаған алғашқы белгілер еді.

Мысалы, бір оқушы: “Мен қай жерде шатастым — енді түсіндім. Келесі жолы басқаша істеймі” деді. Бұл – метакогнитивтік ілгерілеудің бастамасы.

Қорытындылар

Қысқа мерзімді болса да, бұл жоба маңызды нәтижелер көрсетті:

- 8_1 сыныбындағы табыстың себебі – оқушының ішкі мотивациясы мен оқу процесіне жауапкершілікті арттыру.
- 8_2-де басты мәселе – «қатысу» мен «үйрену» арасындағы түсініктемелік алшақтық.
- Рефлексия дағдысын дамыту – бұл ұзақ әрі жоспарлы жұмыс. Бірақ алғашқы қадамдар жасалды.

Ұстаздар қауымының ынтымақтастығы және ұйымдық сабақтар

Жоба мұғалімдер арасындағы өзара байланысқа да әсер етті. Сұхбаттар арқылы ұстаздар оқушыларды бұрынғыдан тереңірек түсіне бастады. Кейбірі бұл тәсілді тұрақты қолдануды жоспарлап отыр.

Әрине, қиындықтар да болды: кестелер сәйкес келмеді, рөлдер айқын емес болды. Алдағы уақытта кішірек, ынталы топтармен және нақты мақсатпен жұмыс істеу ұсынылады.

Әдебиеттер

- Kolb, D. A. (1984). *Experiential learning: Experience as the source of learning and development*.
- Ryan, M., & Ryan, M. (2013). *Theorising a model for teaching and assessing reflective learning in higher education*.
- Van Manen, M. (1997). *Researching lived experience: Human science for an action sensitive pedagogy*.
- Zimmerman, B. J. (2002). *Becoming a self-regulated learner: An overview*.